


МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫҚ «А» тобындағы балалардың өмірін және тәрбиесін ұйымдастырудың циклограммасы
4-апта (18-22 қазан, 2021 жыл)

Бекітемін:

Оқу ісі жөніндегі орынбасары:  Аманшеева А.Ж

Тәрбиеші: Жумабекова М.Б

Өтпелі тақырып: «Менің отбасым»

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау. Ата-аналармен кенес, әңгімелесу.	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау. Баланың мектепке келгеніне қуанып тұрғанын сездіру. Баланың бүгінгі көңіл-күйі, оны не қызықтыратынын сұрау. Баланы жеке пікір білдіруге баулу. Ата-аналармен баланың денсаулығы, үйдегі күн тәртібі, баланы тәрбиелеу, дамыту және оның жетістіктері туралы әңгімелеу.				
Таңертеңгі жаттығу.	Таңертеңгі жаттығу кешені.№5				
Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.).	«Күзгі ағаш» Мақсаты: Балалардың түстер жайлы ұғымдарын қалыптастыру. ұсақ қол моторикасын дамыту. Көрнекілігі: Ағаштардың суреттері. Ойын барысы: Суретте бейнеленген ағаштың жапырақтарын саусақпен бояу.	«Қайсысы артық?» Мақсаты: Балалардың зейінін, ойлау қабілеттерін дамыту. Көрнекіліктер: Суреттер. Ойын барысы: Балаларға үлестірмелі қағаздар беріледі. Әр қағазда бірнеше сурет бар. Балалар мұқият қарап, артық затты тауып айтады, себебін дәлелдейді.	«Қайсысы ұнайды?» Мақсаты: Суреттен көрген заттардың атын атап, суреттеп, қайсысының ұнайтынын, не үшін ұнайтынын айту. Сөздік қорын молайту. Көрнекілігі: Өртүрлі суреттер. Ойын барысы: Балаларға өртүрлі суреттерді көрсетіп, олардың қайсысының ұнайтыны туралы сұралады.	«Жаңылтпаштар» Мақсаты: Балаларды жаңылтпаштарды дұрыс әрі жылдам айта білуге үйрету. Ойынның құрал-жабдықтары: жаңылтпаштар. Ойын барысы: Балаларға жаңылтпаштарды айту. Балалар оны дұрыс әрі жылдам қайталап айтуы керек.	«Алтын күз» Мақсаты: Балалардың ойлау қабілетін дамыту. Байланыстырып сөйлеуін, сөздік қорын молайту. Ойын барысы: Күз мезгіліне сәйкес қиылған суреттерді жабыстырып сөйлем құрастыру.
Мектеп кестесі бойынша ҰОҚ	1.Сауат ашу. Тақырыбы: Р дыбысы мен әрпі. ҰОҚ мақсаты: Сызбаларды, жиектерді салуға үйретеді. Дыбыстық талдау жасай алады. Педагог жетекшілігі мен ойын: «Берілген дыбыспен сөздерді ата» Шарты: Кез-келген дыбысты айтады. Балалар сол дыбыстан басталатын сөздерді айтады. Жұмыс дәптері. Суреттегі заттарды ата. Егер сөздер дауыссыз	1.Математика негіздері. Тақырыбы: 10 саны. Мақсаты: 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санау. Педагог жетекшілігі мен ойын: «Қандай сандар жетіспейді?» Шарты: Педагог екі санды атайды, 3-5 десе, балалар қораптан сол сандарды алып, ортасындағы санды қояды. Жұмыс дәптері. 1.Суретке кара. Неше бала қатарға тұрды, сана. Неше бала орындықта отыр?	1.Сауат ашу. Тақырыбы: Р дыбысы және әрпі. ҰОҚ мақсаты: Сызбаларды, жиектерді салуға үйретеді. Дыбыстық талдау жасай алады. Педагог жетекшілігі мен ойын: «Берілген дыбыспен сөздерді ата» Шарты: Кез-келген дыбысты айтады. Балалар сол дыбыстан басталатын сөздерді айтады. Жұмыс дәптері. Түскіізді толықтырып боя	1.Құрастыру. Тақырыбы: Жануарлар әлемі. ҰОҚ мақсаты: Балаларға жанауарлар туралы қысқаша мағлұматты береді. Киндердің қорабымен жаң-жануарларды құрастыра алуға қолдарын жаттықтырады. Қызығушылық сезімдерін оятады. Қауіпсіздікті сақтайды. Педагог жетекшілігі мен ойын: «Кім жылдам?» Шарты: Сұрақ-жауап. -Суретте бейнеленген аңдарды ата. -Үй жануарларын ата. Құрылымдалған ойын. «Бұл қай жануар?»	1.Өзін өзі тану. Тақырыбы: Менің отбасым. ҰОҚ мақсаты: Сүйіспеншілік, сыйластық құндылықтары туралы түсіне алады. Педагог жетекшілігі мен ойын: «Жылудық шеңбері» Шарты: -Балалар, дөңгелене тұрып, жылудық шеңберін құрайық. Бір-бірімізбен амандасып, жылы тілектер айтайық.

<p>дыбыспен сөздерді ата» Шарты: Кез-келген дыбысты айтады. Балалар сол дыбыстан басталатын сөздерді айтады. Жұмыс дәптері. .Суреттегі заттарды ата. Егер сөздер дауыссыз дыбыстан басталса, суреттің жанына қызыл, дауыссыз дыбыстан басталса, көк дөңгелекті жапсыр. .Сызба бойынша сөйлем құра. .Суреттегі заттарды ата. Олардың ішінен р дыбысы кездесетін сөздерді тауып белгіле. Р-дауыссыз дыбыс. Құрылымдалған ойын. «Сөз ойла, тез ойла» Шарты: Р дыбысы кездесетін сөздер айтады. Бірге жаттаймыз. Р дегенім ретте, Рет ретімен бетте. Дәптер, кітап бәрін, Ретсіз шашып кетпе. Еркін ойын: «Р» дыбысын ермексаздан жасап көрсет. Шарты: Ермексаздан Р дыбысының бейнесін жасайды. -Қандай әріппен таныстыңдар? -Р қандай дыбыс? Кері байланыс: «Смайлик» арқылы.</p>	<p>балалар қораптан сол сандарды алып, ортасындағы санды қояды. Жұмыс дәптері. 1.Суретке қара. Неше бала қатарға тұрды, сана. Неше бала орындықта отыр? 2.Цифрлардың үстінен саусағыңмен жүргіз. Ермексаздан жаса. 3.Ойыншыларды реті бойынша сызып қос. 4.Вагондарды тура және кері сана. Сергіту сәті. 1 дегенде тұрайық, 2.3.4 алақанды соғайық. Оң жаққа бұрылып, Сол жаққа бұрылып. Бір отырып, бір тұрып, Біз жүгіріп алайық. 5 дегенде асықпай, Орнымызды табайық. Құрылымдалған ойын: Шарты: «Кім шатаспай санайды?» 1-ден 10-ға дейін тура және кері санау. Еркін ойын: «Қандай сан жоқ?» Шарты: Жоқ санды табу. Кері байланыс: «Смайлик» арқылы. 2.Сөйлеуді дамыту. Тақырыбы: Отбасының күзгі еңбегі. ҰОҚ мақсаты: Қоршаған</p>	<p>дыбыспен сөздерді ата» Шарты: Кез-келген дыбысты айтады. Балалар сол дыбыстан басталатын сөздерді айтады. Жұмыс дәптері. .Түскиізді толықтырып боя .Үзік сызықтарды бастырып сыз. .Үзік сызықтарды қос. Құрылымдалған ойын. «Сөз ойла, тез ойла» Шарты: Р дыбысы кездесетін сөздер айтады. Сергіту сәті. Қарлығашқа ұқсайық, Қане қанат қағайық. Қарлығаш болып ұшайық, Ұшып, ұшып қонайық. Еркін ойын: Шарты: «Р» дыбысы түймелерден жасап көрсет. -Қандай әріппен таныстыңдар? -Р қандай дыбыс? Кері байланыс: «Смайлик» арқылы. 2.Көркем әдебиет. Тақырыбы: Арыстан мен тышқан ертегісі. ҰОҚ мақсаты: Балалар дауыс ырғағымен мәнерлей айта отырып, тілдік бейнелілігін сезінуге баулиды. Педагог жетекшілігі мен ойын: «Ертегілер</p>	<p>Педагог жетекшілігі мен ойын: «Кім жылдам?» Шарты: Сұрақ-жауап. -Суретте бейнеленген аңдарды ата. -Үй жануарларын ата. Құрылымдалған ойын. «Бұл қай жануар?» Шарты: Жануарларды атайды, суреттен жануарлардың құйрықтарын тауып, сызып көрсетеді. Тыңда. Жануарлар-бунақденелілер, балықтар, құстар, қосмекенділер, жорғалаушылар және сүтқоректілер болып бөлінеді. Сиыр, түйе, ит, мысық, саршұнақ, жылқы, маймыл, піл және кішкентай тышқанға дейін сүтқоректілер деп аталады. Олар-жабайы аңдар және үй жануарлары болып бөлінеді. Табиғатта өз бетімен тіршілік ететін жануарларды жабайы аңдар деп атайды. Адамдар күтіп баптаған жануарларды үй жануарлары дейді. Балалардың жұмысы. «Жануарлар» (балалар киндер қораптарынан жануарларды құрастырады құрастырады). Сергіту сәті. Тиін-тиін жүгіріп келді, Балаларға билеп берді. 1 2 3 деп артқа бұрылып Бұлғандатып құйрығын Балаларға билеп-билеп,</p>	<p>шеңбері» Шарты: -Балалар, дөңгелене тұрып, жылулық шеңберін құрайық. Бір-бірімізбен амандасып, жылы тілектер айтайық. -Сәлеметсіздер ме! -Қайырлы таң! -Қайырлы күн! -Сіздерді көргеніме қуаныштымын! -Енді бір-бірімізге мақтау сөздер айтайық: -Сен әдемісің. -Сен мейірімдісің. -Сен ақылдысың. -Сен адал доссың. -Ал балалар, сендер үйлерінде бір-бірлеріңе қандай жақсы сөздер айтасыңдар? -Қайырлы таң, әкешім, анашым! -Қайырлы күн, асыл әжем, аташым! -Сендерді үйде қалай еркелетеді? -Мені үйдегілер «құлыншағым», «қошақаным» т.б. деп еркелетеді. -Бір үйде қандай адамдар тұрады? -Бір үйде бір-біріне ең жақын адамдар тұрады. Олар: ата, әже, ана, әке және балалары. -Дұрыс айтасыңдар</p>
---	---	---	--	---

<p>2.Жаратылыстану. Тақырыбы: Барлық ағаштардың жапырағы түсті ме? Мақсаты: Ағаштарды тұқымдарынан және олар туралы түсініктерін қалыптастыру. Қайынға, терекке, шыршаға, қарағайға сипаттама беруге үйрету. Туған жерінің табиғатына деген сезімін ояту. Педагог жетекшілігі мен ойын: «Кім жылдам?» Шарты: Сұрақ-жауап -Қазір қай мезгіл? -Күз екенін қайдан білдіңдер? -Күз айларында ағаштарда қандай өзгерістер болады? -Күзде жапырақтардың түсі қандай болады? -Барлық ағаштардың жапырақтары түсті ме? -Ағаштар мен бұталардың қандай айырмашылықтары мен ұқсастықтары бар? -Өсімдіктер өсу үшін не қажет? -Ағаштардың қандай пайдасы бар?</p> <p>Құрылымдалған ойын. «Не қайда өседі?» Шарты: Өсу орнына қарай өсімдіктерді топтастыру. Күзде.</p>	<p>орта жайлы білімдерін, ұғымдарды қалыптастыру барысында сөздік қорды байытады және дамытады. Педагог жетекшілігі мен ойын: «Кім жылдам?» Шарты: Сұрақ-жауап Суретпен жұмыс. -Балалар қазір жылдың қай мезгілі? -Бүгін аптаның нешінші күні? -Суретке қарап күз мезгілінің ерекшеліктері туралы айтайық. -Кімнің ауласында бақша бар? -Бақшада күз мезгілінде қандай өзгерістер болып жатыр?</p> <p>Күз мезгілінде біз отбасымызбен бірге бақшадағы піскен жеміс жидектер мен көкөністерді жинаймыз. Ол үшін бізге құралдар керек екен. Картопты қазу үшін күрек және картопты салу үшін қап керек. Сәбіз, қызылшаны жинау үшін де дәл осылай жұмыс жасаймыз. Піскен жемістерді жинау үшін саты, қорап керек. Ауладағы гүлдің тұқымын жинаймыз. Бақшадағы қалған шөптерді жұлып, тазалап жерді тегістейміз. Есік алдын жинап</p>	<p>еліне саяхат» Шарты: Балалар өздеріне таныс ертегілерді айтады. Құрылымдалған ойын. «Менің сүйікті ертегім» Шарты: Балалар өздеріне ұнаған ертегіні атайды.</p> <p>Жұмыс дәптері. -Суреттерді қарап, қандай ертегілер бейнеленгенін айт. Сурет салу. «Арыстан мен тышқан» (ертегі тыңдау). Сергіту сәті. Бұғының үлкен үйі бар, Терезеден қарайды. Қоян жүгіріп келеді, Бұғының үйін көреді. Тук тук досым есік аш Ауылда аңшы қаш. Қоян, қоян келе ғой, Үйіме менің кіре ғой. Еркін ойын: «Қай ертегінің кейіпкері?» Мақсаты: Балалардың ойлау қабілеттерін арттыру. Шарты: Балаларға ертегі кейіпкерлерін көрсету. Балалар қай ертегі екенін атайды. -Қандай ертегімен таныстындар? -Ертегі сендерге ұнады ма? -Арыстан қандай аң қандай аң? Кері байланыс: «Екі жұлдыз бір тілек»</p>	<p>Орнына қайта келді. Еркін ойын: «Қай жануар екенін тап» Шарты: Жануарларды қимылмен көрсетеді. Кері байланыс: «Смайлик» арқылы.</p> <p>2.Денешынықтыру. Тақырыбы: Бірінші бол! (ауада). Негізгі қимылдар. Бір сызық бойына қойылған заттар арасында оң және сол аяқпен секіру. Сапқа тұрып допты екі қолмен бастан асыра бір-біріне лақтыру. Жаттығулар кешені. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Ұшақтар» Мақсаты: Өртүрлі бағытта жүгіре алуларын дамыту. Ойын барысы: Балалар алаңда жұмыс істеп тұрған матор сияқты бір-бірін қанаттарымен қақпауға тырысып жүгіреді. Белгі бойынша: «Маторды қос!», «Отырғызу басталды!» қимыл жасай алуға үйрету. Кері байланыс: «Смайлик» арқылы.</p> <p>3.Жапсыру. Тақырыбы: Айдарлы этеш. ҰОҚ мақсаты: Қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі</p>	<p>балалар осы адамдар отбасын құрайды. Сендер де отбасыларыңның бір мүшесісіңдер. Суретпен жұмыс. «Ынтымағы жарасқан отбасы» (әңгімелеу). Біздің шаңырақ. Атамнан басталар, Әжемнен қосталар. Отбасы мыналар: Ең жақын адамдар-Әкем және анам бар, Бір туған апам бар, Бір туған ағам бар, Бір туған інім бар, Бәрін жақсы көремін, Еркелеймін еремін.</p> <p>Құрылымдалған ойын: «Менің отбасым» Шарты: Балалар шеңберге тұрады. Допты бір-біріне лақтырып, өз отбасы туралы жақсы сөздер айтады. «Менің отбасым» сурет салу. Саусақ жаттығуы. Мына саусақ- атам, Мына саусақ- әжем. Мына саусақ-әкем, Мына саусақ -анам. Мына саусақ - мен, Бәріміз бір - жанұя. Еркін ойын: «Тез жауап бер» Шарты: Сұрақ-жауап.</p>
--	---	---	--	--

<p>Сап-сары ала жапырақ, Сап-сары ала атырап. Сәл тербелсе самал жел, Түсіп жатыр жапырақ.</p> <p>Тыңда.</p> <p>Өсімдіктер-табиғаттың жанды денелері. Олар коректенеді, тыныс алады, өседі, көбейеді, қурайды. Өсімдіктердің өсуіне топырақ, су, жылу, ауа, күн көзі керек.</p> <p>Өсімдіктер үш топқа бөлінеді-ағаштар, бұталар, шөптөктес өсімдіктер. Ағаштар бұталар орманда, бақта, саябақта өседі. Ауыл мен қала көшелеріне қарағаш, тал, жөке, қайың, емен ағаштары сән беріп тұрады.</p> <p>Суретпен жұмыс.</p> <p>Ағаштар: Емен, қайың, алма ағашы.</p> <p>Бұталар: Шырғанақ, жыңғыл, бөртегүл.</p> <p>Жұмыс дәптері.</p> <p>.Суретке қара. Суретші қандай табиғат құбылысын бейнелеген? Жапырақтардың неге жерге түсетінін білесің бе? Түсіндіріп көр.</p> <p>.Қылқанжапырақты ағаштардың жапырақты ағаштардан қандай айырмашылығы бар?</p>	<p>тазалаймыз.</p> <p>Құрылымдалған ойын.</p> <p>«Сиқырлы қоржын»</p> <p>Шарты: Қоржыннан көкөністер мен жемістерді алып, оның қатты, дәмді, ащы, қышқыл екенін ажыратып атайды, пішінін айтады.</p> <p>Еркін ойын: «Жасап көрсет»</p> <p>Шарты: Сұрақ-жауап, қимылмен көрсетеді.</p> <p>-Суретте қай жыл мезгілі бейнеленген?</p> <p>-Олар қайда жүр?</p> <p>-Олар не істеп жатыр?</p> <p>-Күздегі адамдар еңбегінен тағы не білесіңдер?</p> <p>Кері байланыс:</p> <p>«Смайлик» арқылы.</p> <p>3.Сурет салу.</p> <p>Тақырыбы: Автобус.</p> <p>Серуен кезіндегі бақылаудан кейін автобустың, серуен мен саяхат кезінде алған эсерлерін суретте бейнелейді.</p> <p>«Қандай көлік түрлерін білесіңдер?» деген сұраққа балалар сурет бойынша көшедегі көлік түрлерін атап шығады.</p> <p>Педагог жетекшілігі мен ойын: «Кім жылдам?»</p>	<p>3.Орыс тілі.</p> <p>Тақырыбы: Пospели на дереве.</p> <p>ҰОҚ мақсаты:</p> <p>Формирование умения понимать и применять знакомые словапотеме «Фрукты».</p> <p>Задачи: учить согласовывать прилагательное с существительным в роде и числе; учить отвечать на вопросы: «Какого цвета?», «Какой по размеру?»; развивать умение правильно произносить звуки русского языка, внимание, память, речь; воспитывать бережное отношение к окружающей среде.</p> <p>Педагог жетекшілігі мен ойын: «Кім жылдам?»</p> <p>Шарты: Сұрақ-жауап</p> <p>-Күз белгілерін ата.</p> <p>-Жыл мезгілдерін ата.</p> <p>-Күзгі табиғат туралы айт.</p> <p>Бірге айтамыз.</p> <p>Келді міне күз, Айнала сары түс. Керемет, тамаша, Қандай әсем күз.</p> <p>Жұмыс дәптері.</p> <p>1.Рассмотри картинку. Что перепутал художник? Расскажи зайчику, что где</p>	<p>заттарды қиюды үйренеді.</p> <p>Педагог жетекшілігі мен ойын: «Кім жылдам?»</p> <p>Шарты: Сұрақ-жауап.</p> <p>-Әтеш қандай құс түріне жатады?</p> <p>-Әтеш қалай шақырады?</p> <p>-Үй құстары не жейді?</p> <p>-Адамдар неліктен тауықты, әтешті ұстайды?</p> <p>Құрылымдалған ойын.</p> <p>Суретпен жұмыс.</p> <p>Шарты: Үй құстарын көрсету, әңгімелеу.</p> <p>-Өзің білетін құстарды ата.</p> <p>-Құстардың барлығына тән белгілерін айт.?</p> <p>-Қандай үй құстарын білесің?</p> <p>-Үй құстары немен коректенеді?</p> <p>-Өзіңе қандай құс ұнайды?</p> <p>-Үй құстарының адамға қандай пайдасы бар?</p> <p>Жұмбақ.</p> <p>Бұрап қойған сағаттай, Айқайлайды таң атпай. (әтеш).</p> <p>Әтеш қандай құс?</p> <p>Әтештің басында несі бар?</p> <p>Балалардың жұмысы.</p> <p>«Айдарлы әтеш» (балалар түрлі-түсті қағаздан қиып, жапсырады). Жапсыру жолдарымен таныстыру.</p> <p>Әтештің айдары, сақалы, қауырсыны бар екен.</p> <p>Сергіту сәті.</p> <p>Айдарын тарап басында, Қонды ағаш басына.</p>	<p>-Өз отбасыңда кімдермен бірге тұрасың?</p> <p>-Әкең мен анаң саған риза болып қуану үшін не істеу керек?</p> <p>-Отбасы мүшелері бір-бірімен қалай тұрады?</p> <p>Кері байланыс:</p> <p>«Смайлик» арқылы.</p> <p>2.Музыка.</p> <p>Тақырыбы: Күзгі жаңбыр.</p> <p>Тақырыбы: Жомарт күз.</p> <p>ҰОҚ мақсаты:</p> <p>Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру, оның мазмұны мен сипаты туралы пікірін айтады.</p> <p>Музыка тыңдау:</p> <p>«Жаңбыр шақыру» Д.Ботбаев.</p> <p>Ән айту: «Жау- жау жаңбыр» К.Дүйсекеев.</p> <p>«Күзгі әуен» А.Досмағамбет.</p> <p>Музыкалық ырғақты қимылдар: «Көңілді балалар» Литва халық әуені. Өңдеген: Т.Ломова.</p> <p>Билер: «Көңілді қолшатыр биі» ұнтаспада педагогтың таңдауы бойынша.</p>
--	---	---	--	--

<p>.Шырша мен қарағайдың жапырақтарын алыстыр. Олардың қандай айырмашылықтары мен ұқсастықтары бар:</p> <p>.Достарыңмен күзгі жапырақтарды зертте. Олар қандай ағаштардан түскен. .Өзің зерттеген жапырақтың суретін сал.</p> <p>Сергіту сәгі. Жел уледі у-у-у, Құйын келіп биледі зу-зу. Қатты қатты жел соқты гу-гу, Жапырақтар қол соқты ду-ду. Жұмбақ. Өсіп тұрған бұл не? Жаз болса жайнап. Саясында ән салып, Құстар жүрген сайрап. Салқын түссе шешініп, Қалады өзі жайрап. (ағаш).</p> <p>Бірге жаттаймыз. Алтын, сары, қызыл көк, Алуан алуан жапырақ. Күзгі бақта күлімдеп, Көз тартады атырап. Еркін ойын: «Жапырағына қарай ажырат» Шарты: Жапырақтарды салыстыру, қай ағаштың жапырағы екенін табу.</p>	<p>Шарты: Сұрақ-жауап</p> <p>Көліктердің пайдасы туралы әңгімелеу.</p> <p>Н.Айтовтың «Жолың болсын!» өлеңіне жылудық шеңберін құру. -Балалар, адамдар көлікпен алыс сапарға шыққанда бір-біріне «Жолың болсын!»-деп жақсы тілек айтады. Олай болса: Атам шықса сапарға,- жолың болсын! - дейді апам. Апам шықса сапарға, -Жолың болсын!-дейді атам. -Жолың болсын! -дейді олар, Үлкенге де кішіге. -Жолың болсын!-дейді олар, Ұшырасқан кісіге. Осы сөзді байқадым, Қуат барын, күш барын. -Жолың болсын!-айтам мен, Алыс жолға шықса кім. Балалардың жұмысы: «Автобус» (түрлі-түсті қарындаштардан автобустың суретін салады). Құрылымдалған ойын: «Толықтыр» Шарты: Балалар түсіп қалған сөзді тауып,</p>	<p>растёт. 2.Зачеркни в каждом ряду лишний предмет. Объясни, почему он лишний. Словарник. Гранат. Персик. Растёт (-ут), уражай, сад, фрукты. Құрылымдалған ойын. «Кім дұрыс және шапшаң жинайды?» Шарты: Себетке жемістермен көкөністерді тез жинайды. Еркін ойын: «Бақшада ма, бау да ма?» Шарты: Балаларға жемістер мен көкністердің суреттерін көрсету арқылы олардың атауларын айтқызады. Кері байланыс: «Екі жұлдыз бір тілек»</p> <p>4.Музыка. Тақырыбы: Күзгі жаңбыр Максаты: Музыканың сипатын түсініп, эмоцияларын көрсете білуге дағдыландыру.</p> <p>Педагог жетекшілігі мен ойын: «Жаңбыр» М.Жаманбалинов. Күркіреді күн-түн, Терезелер шың шың. Жауды жаңбыр топ топ, Шелек шелек су көп. Жон арқанды тос тос. Құрылымдалған ойын: «Жау жау жаңбыр»</p>	<p>Қыт-қыт деп, қыт-қыт деп, Оятады баршаны. Еркін ойын: «Құстар» Шарты: Үй құстары мен жыл құстарын ажыратады. Кері байланыс: «Екі жұлдыз бір тілек»</p> <p>4.Ойлаймыз, ойнаймыз. Тақырыбы: Сикырлы қоржын «ойын» Максаты: Таңбалар үлгісі,сандар.Геометриялық фигураларды тани білу, дағдыларын қалыптастыру. Педагог жетекшілігі мен ойын: «Кім жылдам?» Шарты: Сұрақ-жауап. -Күз белгілерін ата. -Жыл мезгілдерін ата. -Айналаңа қара. Өсімдіктерде қандай өзгерістер болды? Табиғаттан не байқадың? -Күздің келуімен табиғатта қандай өзгерістер болды? -Табиғатты не үшін қорғау керек? Құрылымдалған ойын: «Не қайда өседі?» Шарты: Өсімдіктерді топтастырады. Жұмбақ. Жауып жаңбыр, жер сабыр, Шөп жапырақ солады. Бұл қай кезде болады? Тыңда. Міне күз келді. Анда-санда таңертең салқын болады. Күздің бас кезі шуақты және жылы болады. Бұлтты күндер</p>	<p>Еркін ойын: «Күн мен жаңбыр» -Қай мезгіл туралы ән айттық? -Күз мезгілі сендерге ұнай ма? Кері байланыс: «Екі жұлдыз бір тілек»</p> <p>3.Қауіпсіз мінез құлық негіздері. Тақырыбы: Табиғат-тіршілік нәрі. ҰОҚ максаты: Балалардың табиғат туралы білімдерін бекітеді. Адам, өсімдік, жануарлар өмірі, табиғат сыйына мәлімет береді. Педагог жетекшілігі мен ойын: «Табиғатқа құштармын» Шарты: Тақпақтарды бірге айтады. Армысың, шапағатты күніміз, Армысың мейірімді жеріміз. Армысың табиғат-анамыз, Келді Сізге өзіңіздің балаңыз. «Табиғат деген не?» Ә.Ысқақ. (балаларға оқып беру). Неліктен табиғатты Анаға теңейміз? -Сендер табиғат дегенді қалай түсінесіңдер?</p>
---	--	--	---	---

<p>Кері байланыс: «Смайлик» арқылы.</p> <p>3.Денешынықтыру. Тақырыбы: Зейінді баламыз.</p> <p>Негізгі қимылдар: Денені дұрыс ұстай білу дағдысын қалыптастыру. Түрлі тапсырмаларды орындау арқылы жүру және жүгіру жаттығуларын қайталау. Доппен жаттығулар жасау.</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойыны. «Аяқтарыңды сулап алма»</p> <p>Ойын шарты: Балаларды алға қарай тақтайшадан тақтайшаға ептілікпен секіріп үйренуге жаттықтыру. Балалардың тез қарқында қимыл жасай алуына қол жеткізу.</p> <p>«Доптар мектебі» Мақсаты: Доппен ойнаудың түрлерін үйрету. Екі қолмен қағып алу. Қабырғаға ұру, жерге ұрып қағып алу сияқты т.б. түрлерін ойнай білу. Ептілікке тәрбиелеу.</p> <p>Шарты: Балалар тәрбиешінің көрсеткен жаттығуларын орындайды.</p> <p>1.Допты жоғары лақтырып екі қолымен қағып алу.</p>	<p>сөйлемді толықтырып айтады. .Егер жермен жүрсе-бұл... (жер) көлігі. Олар: жеңіл машина, автобус, троллейбус. .Егер сумен жүрсе-...(су) көлігі. Олар: кайық, кеме, теплоход. .Егер әуеде жүрсе-бұл (әуе) көлігі. Олар: ұшақ, тікұшақ.</p> <p>Жұмбақ жасыру. Арқасында ауыл жүр, Ала тайым шауып жүр. (автобус)</p> <p>Сергіту сәті. Орнымыздан тұрамыз, Қанатымызды жаямыз. Ұшақ болып ұшамыз, Суда жүйіткіп жүземіз. Кемелерді түземіз, Жол тәртібін сақтап, Автобуска мінеміз.</p> <p>Еркін ойын: «Қандай көлік түрлерін білесің?»</p> <p>Шарты: Сурет бойынша көшедегі көлік түрлерін атап шығады. -Алыс жол жүріп көрдің бе? -Өзің қандай көлік түрін ұнатасың?</p> <p>Кері байланыс: «Екі жұлдыз бір тілек»</p> <p>4.Ұлттық ойындар. Тақырбы:</p>	<p>Музыка тындау: «Жаңбыр шақыру» Д.Ботбаев.</p> <p>Ән айту: «Жау- жау жаңбыр» К.Дүйсекеев. «Күзгі әуен» А.Досмағамбет.</p> <p>Музыкалық ырғақты қимылдар: «Көңілді балалар» Литва халық әуені. Өндеген: Т.Ломова.</p> <p>Билер: «Көңілді қолшатыр биі» ұнтаспада педагогтың таңдауы бойынша.</p> <p>Еркін ойын: «Күн мен жаңбыр» -Қай мезгіл туралы ән айттық? -Күз мезгілі сендерге ұнай ма?</p> <p>Кері байланыс: «Смайлик» арқылы.</p>	<p>көбейеді. Күздің соңына қарай күн суыта бастайды. Салқын, сылбыр жауын көбейеді. Күн қысқарып, түн ұзара түседі. Өсімдіктер жалаңаштанып, ұсақ жәндіктер жоғалады. Жыл құстары жылы жаққа ұшып кетеді. Адамдар жылы киінеді.</p> <p>Еркін ойын: «Бақтағы және бақшадағы күзгі еңбек» (әңгімелеу).</p> <p>Сөздік ойын. «Ауа-райы туралы айтып бер»</p> <p>Ойын барысы: Балаларды ауа-райын сипаттайтын сөздерді тауып айтуға үйрету. (жылы, ашық, бұлтты, желді, жаңбырлы).</p> <p>Балалардың жұмысы. «Күзгі табиғат!» (сурет салу).</p> <p>Кері байланыс: «Екі жұлдыз бір тілек»</p>	<p>Құрылымдалған ойын: «Табиғатым тамаша!»</p> <p>Шарты: Суретпен жұмыс. Суретке қараңдар. Өзіңе табиғаттың қандай көріністері ұнайды? Неліктен? -Табиғат аясында жиі боласыңдар ма? -Табиғаттан қандай әсер алдыңдар? Балалардың жұмысы. «Табиғатым тамаша!» (сурет салу).</p> <p>Сергіту сәті. Жазда суда жүземіз, Құмда күнге күйеміз. Жалаң аяқ жүреміз, Қыста қызып денеміз, Коньки, шаңғы тебеміз. Жалқаулықты тастаймыз, Жаттығуды бастаймыз. (балалар бір-екі жаттығу түрлерін орындайды). .Құстардың даусына құлақ сал! .Табиғаттың сұлулығын сезіне біл! .Табиғатты қорғай біл!</p> <p>4.Қызықты математика. Тақырыбы: Суретпен жұмыс. ҰОҚ мақсаты: Суретпен жұмыс жасау</p>
--	---	--	--	---

	<p>2.Допты жерге соғып екі қолмен ұстап алу. 3.Допты жерге соғып шапалақты соғып екі қолмен ұстап алу. 4. Қабырғаға допты соғып екі қолмен ұстап алу. 5.допты қабырғаға соғып ұстап алып, жерге соғып қағып алу. Балаларды мадақтау.</p> <p>4.Мүсіндеу. Тақырыбы: Үйрек. Сюжеттік мүсіндеу. Мақсаты: Балаларға кесек ермексиздан үйрек бейнесін мүсіндеуді үйрету. Мүсіндеудің шымшу, есу, басу, тегістеу тәсілдеріне жаттықтыру. Педагог жетекшілігі мен ойын: «Кім жылдам?» Шарты: Сұрақ-жауап -Өзің білетін үй құстарын ата. -Құстардың барлығына тән белгілерін айт. -Үй құстары немен қоректенеді? -Құстың адамға қандай пайдасы бар? -Өзіңе қандай құс ұнайды? -Қандай құстарды білесіңдер? -Жыл құстарын атаңдар. Құрылымдалған ойын:</p>	<p>«Ордағы қасқыр» Мақсаты:</p> <p>Жыртқыш жануарлар туралы мәлімет беру. Ойынның бөліктерін бекіту. Ойын кезінде шартын бұзбай ойнауды ескерту.</p> <p>Педагог жетекшілігі мен ойын: «Кім жылдам?» Шарты: Сұрақ-жауап. Суретпен жұмыс. -Балалар, суреттен не көріп тұрсыңдар? -Кірпі қайда жүр? -Кірпі нені көрді? -Балалар, бұл саңырауқұлақ.</p> <p>Саңырауқұлақ- ылғалды жерде өсетін, қалпақ тәрізді қалқаны бар, гүлдемейтін өсімдік. Саңырауқұлақ-біздің ғаламшарымыздың ең ерекше өкілдерінің бірі. Саңырауқұлақтар Жер бетінде ұзақ уақыт бойы тіршілік етеді. Олар тіпті динозаврлардан да бұрын пайда болған. Әлемде саңырауқұлақтың 2 мил астам түрі бар. Саңырауқұлақтар ерте көктемде шығатын өсімдіктердің бірі. Дәмдік қасиеті мол бұл өнімнің әлем бойынша 100 мыңға жуық түрі кездеседі.</p>			<p>білуді меңгереді. Педагог жетекшілігі мен ойын: «Кім шатаспай санайды?» Шарты: 1-ден 10-ға дейін тура және кері санау. Құрылымдалған ойын «Ғажайып қоржын» Шарты: Ғажайып қоржыннан шыққан тапсырмаларды орындайды. 1.Суретте бейнеленген заттарды сана. Қандай заттар нешеуден екенін айт. 2.Суреттегі заттарды санап, сәйкес цифрмен сызып қос. 3.Заттардың суретін бестен болатындай толықтырып сал. 5.Карточкаларды сәйкес цифрмен сызып қос. 6.Заттарды сана. Сандарды боя. Еркін ойын: «Айналамдағы заттарды санаймын» Шарты: Заттарды санайды, санын анықтайды. Сергіту сәті. 1 дегенде тұрайық, 2,3,4 алақанды соғайық Оң жаққа бұрылып, Сол жаққа бұрылып Бір отырып, бір тұрып,</p>
--	--	--	--	--	---

	<p>«Кім тапқыр?» Шарты: Жұмбақ жасыру арқылы тақтада жасырынып тұрған суретті табу.</p> <p>Табаны бейне алақан, Мынау қандай балапан? -Үйрек үй құсы ма әлде дала құсы ма? -Тағы қандай үй құстарын білесіңдер? -Олардың пайдасы қандай? -Олар немен қоректенеді? Тыңда. -Үй құстары адамдардың көмегімен қоректенеді. Оларға адамдар қамқорлық жасайды. Арнайы қора салады, уақытымен жем, суын береді. -Балалардың назарын суреттегі үйректерге аудару. -Балалар, қарандаршы мына үйректер қандай әдемі! Қане санайықшы қанша үйрек бар екен, үйректің балапаны көп пе, әлде аз ба? Енді біздер осы үйректің балапандарын тағы да көбейтейік. Ол үшін біз ермексаздан үйректер мүсіндейміз. Балалардың жұмысы. «Үйрек» -Үйректің түсі қандай?</p>	<p>Жеуге жарамдысы да, жарамсызы да бар. Адамға азық болатын саңырауқұлақтар көбіне ақ түсті болып келеді. Олар ақуыздар мен көмірсуларға бай. Саңырауқұлақ құрамындағы B1 B2 дәрумендері ағзадағы қан айналым процесін жақсартады. Шаш пен тырнақтың өсуіне оң әсерін тигізеді. Ас қорту жүйесіндегі сөл шығаруды реттейді.</p> <p>Балалардың жұмысы. «Саңырауқұлақтар» (балалар түрлі-түсті қағаздан саңырауқұлақтарды қиып жапсырады).</p> <p>Сергіту сәті. Орманда кірпі келеді, Саңырауқұлақ тереді. Кездесті міне керегі. Екеуі қайың астынан, Біреуі терек астынан, Қанша олар болмақ есепте, Тоқылған салса себетке?</p> <p>Бірге айтамыз. Саңырауқұлақ, саңырауқұлақ, Басында қалпағы бар. Ормандағы жәндіктерге, Жауын жауса пана болар.</p>			<p>Біз жүгіріп алайық. 5 дегенде асықпай, Орнымызды табайық. Кері байланыс: «Екі жұлдыз бір тілек»</p>
--	---	--	--	--	--

	<p>Сары түсті ермексазды аламыз. Ермексазды үлкен және кіші екі бөлікке бөлеміз. Кіші бөлігінен басын домалатып жасаймыз. Үлкен бөлігінен денесін сопақша жасаймыз. Ал құйрығын бармақпен шымшып созамыз.</p> <p>Сергіту сәті. Тереңдет ойынды, Тік ұста бойынды. Құстарға ұқсайық, Қалықтап ұшайық. Шық алға оң қанат, Шық алға сол қанат. Шаршаған кездерде, Қонайық жорғалап.</p> <p>-Енді қызыл түсті ермексаздан аяғымен тұмсығын жасайық.</p> <p>Еркін ойын: «Бұл қандай құс?»</p> <p>Шарты: Құстардың ерекшелігін суреттеп, аттарын атайды.</p> <p>-Өзің білетін үй құстарын ата.</p> <p>-Құстардың барлығына тән белгілерін айт.</p> <p>-Үй құстары немен қоректенеді?</p> <p>-Құстың адамға қандай пайдасы бар?</p> <p>-Өзіңе қандай құс ұнайды?</p> <p>Кері байланыс: «Екі жұлдыз бір тілек»</p>	<p>Құрылымдалған ойын: «Тез құрастыр»</p> <p>Шарты: Балаларға екі бөлікке бөлінген саңырауқұлақты тез, әрі дұрыс құрастыру.</p> <p>Еркін ойын: «101 жұмбақ»</p> <p>Шарты: Сұрақ-жауап. Жұмбақты шешеді.</p> <p>Бір аяғы, қалқиған қалпағы бар, Ағаш түбінде тұрағы бар. (саңырауқұлақ).</p> <p>-Саңырауқұлақ қайда және қандай жерде өседі? -Саңырауқұлақтың қандай түрлерін білесіңдер? -Нені жапсырдындар?</p> <p>Кері байланыс: «Екі жұлдыз бір тілек»</p>			
--	--	--	--	--	--

Серуен, бақылау.	№1 Ауа-райын бақылау.	№2 Желді бақылау.	№3 Аспанды бақылау.	№4 Ағаштарды бақылау.	№5 Таяудағы көшелерді бақылау.
Балалардың даму картасы.	таныс ертегілердің мазмұнын айтып беру. сөйлеу тілінде зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдану.	ертегі желісін ретімен мазмұндату және орындау. орыс тілінде 5-ке дейін тура және кері санай білу.	заттардың үлгі бойынша пішінін, түсін ескере отырып, сурет салу. бірнеше бөліктерден тұратын заттарды орналастыру және желімдеу.	кұрдастарымен және ересектермен қарым-қатынасқа түсуге, олардың өтініштерін орындату.	Балаларға жұмбақтар жаттату.
Балалардың үйге қайтуы.	Ата аналармен балалардың жетістіктері бойынша әңгімелесу. Балаларды тәрбиелеу мен дамытуда ата ана сұрақтарына жауап беру, кеңес беру.				